

## ӨЛКЕ МАҚТАНЫШЫ БЕКМҰХАМБЕТ НҰРМҰХАНБЕТОВ

Құрбанәлі Ж.

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бөлім жетекшісі  
Тарих ғылымдар магистрі

Әр дәуір өз тәжірибесінде ізін қалдыратын қайраткерлерді дүниеге әкеледі. Біздің заманымыздың осындай батырларының бірі қазақ даласының біртуар перзенті, археология саласында өзіндік орны ерекше, танымал зерттеуші – Бекмұхамбет Нұрмұханбетов (Бекен ата).

Бекмұхамбет Нұрмұханбетов 1935 жылы Алматы облысы Ақсу ауданы Еңбек ауылында дүниеге келген. 1954 жылы орта мектепті тәмәмдап, әскерге аттанған, 1958 жылы әскери міндетін өтегеннен кейін С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ң тарих факультетіне оқуға қабылданады. Міне, осы уақыттан бастап археология ғылымы Бекен Нұрмұхамбетовтың өмірлік ізденісіне айналды.

Әйгілі археолог, Жетісу сақтарының тарихын нәсихаттаушы Академик Ә. Марғұлан мен профессор К. Ақышев басқарған көптеген экспедицияларға қатысып, кейіннен өзі де Жетісу археологиялық экспедициясын басқарды. Елдің ерекше сүйіспеншілігі нәтижесінде «Бекен ата» атын алған тұлға тарих, археология және музейтану салалары бойынша 50-ден астам ғылыми және 100-ден астам ғылыми-танымдық мақалалардың авторы. Бекен ата қатысқан экспедициялардың ауқымы Оңтүстік Қазақстаннан Жетісуға дейінгі үлкен аумақты қамтиды. Ол еліміздің оңтүстігіндегі Отырар оазисіндегі Көкмардан, Күйікмардан сынды қалаларды, Арыс өзенінің жағасындағы Бөріжар, Қараспан, Бөген сынды ежелгі және ерте ортағасырлық қорымдарды зерттеген. [Мухтарова 2019, 19].

Өз мамандығына қызығушылығы мен адалдығының арқасында археологияда тың көзқарастарды қалыптастырып, сенсациялық ашылымдар жасады. Соның бірі де, бірегейі – ел тәуелсіздігінің символына айналған «Алтын адам». Бұл сенсациялық ескерткішті 1970 жылы К. Ақышев бастаған экспедиция барысында ашты. Кәзіргі таңда сақ мәдениетінің баға жетпес асыл қазынасына айналған «Алтын адам» – бүкіл әлемге Қазақ елінің тарихи төлқұжаты ретінде танылды.

Бекен атаның ғылыми өмірінің ең жарқын сәттерінің бірі 1969 жылдан бастау алады. Осы жылы Есік қаласының солтүстік-батыс жағында, атақты Есік обасы орналасқан маңда автобаза құрылысы жоспарланады. Мұндағы үш бірдей обалар жоспарланған құрылыс нысанының аумағына кіріп тұрған еді. «Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану туралы» заңына сәйкес кез-келген құрылыс түсетін орынға алдын-ала археологиялық зерттеу жүргізілуі тиіс. Міне, осы мақсатпен ҚазКСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтына құрылыс пен археологиялық нысан жайлы келіп түскен хабар негізінде археологиялық зерттеу жүргізу үшін К. Ақышевтің басшылығымен экспедиция тобы

құрылады. Бұл экспедиция К. Ақышев жетекшілік еткен Отырар археологиялық экспедициясының (№ 69 Бұйрық) сметалық негізінде Есік археологиялық отряды болып бөлініп, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтындағы археология бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Бекмұханбет Нұрмұханбетов отряд жетекшісі болып тағайындалып, қазба жұмысын бастайды (1969 жылдың 21 сәуіріндегі №54 Бұйрық) [Джасыбаев 2016, 81]. Қазба нысаны үлкен болғандықтан бастаған жұмыс қысқа дейін аяқталмай, 1970 жылдың көктемінде қайта жалғастырады. Дәл осы кезде обаның шығыс жағынан Қазақстанның ең атақты археологиялық олжа «Алтын адам» Б. Нұрмұханбетұлына бұйырды. 1971-1974 жылдар аралығында экспедиция жетекшісі К. Ақышевтың жетекшілігімен В.И. Садомсков Алтын адам киімінің алғашқы жаңғыртпасы жасалынып, 1978 жылы «Курган Иссык» атты монография жарық көрді [Амаргазиева <https://kazmuseum.kz>]. Бұл монографияның бүгінгі таңда зерттеушілердің құнды тарихи мәліметтер алуға, сақ дәуірінің баға жетпес тарихи мұраларын зерттеуге арналған бірін-бір таптырмас құрал болып саналды. Осы уақыттан бері Есік қорымдары зерттеушілер мен археологтардың назарын аударды.

1980 жылдары Ә. Марғұлан атындағы Ғылым академиясының тапсырмасымен Жаңа құрылыс экспедициясының жетекшісі, археолог Б. Нұрмұханбетов Райымбек ауданы Жалаулы ауылындағы қолды бола жаздаған бағалы бұйымдар мен қазба жұмыстары нәтижесінде табылған 600-ден астам алтын бұйымдарды сараптама жасалғаннан соң, ҚР Орталық Мемлекеттік музейіне өткізді. Қазақстан археология ғылымында үлкен маңызға ие, сыры ашылмаған «Жалаулы көмбесінің» ашылуына зор ықпалын тигізді [Мухтарова 2011, 23]. Осы жылы Бекен ата ежелгі ескерткіштерді қорғау жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын көрсететін шағын археологиялық топ құрады. Нәтижесінде Алматы облысындағы Шұбарат, Молалы, Қырғауылды, Боралдай, Есік, Түрген сынды сақ қорымдары қорғауға алып, картаға түсіру жұмыстарын жүргізді.

Есік қаласындағы ежелгі сақ қорғандары орналасқан аумақты заңсыз сатылымға беріліп, күн арта жер бетінен жойылып кетуінен қауыптенген Б. Нұрмұханбетов 1990 жылы қаланың жайбарақат өмірін тастап, бір жолата Есікке келіп қоныстанады, мұндай қадамға қандай да бір өмірден туған амалсыздықтан емес, керісінше баға жетпес тарихи-мәдени мұра объектілеріне жанашыр пейілі мен тарихқа деген құрметі, ата-мұра аманатын орындау үшін келгені анық еді. Есікке қоныс тепкен Бекмұханбет Нұрмұханбетов Есік қорымдарына кіретін апатты жағдайдағы обаларға музейлендіру мақсатында қазба жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде қыш ыдыстар, шырағдан, аң бейнелі екі күміс белдік үзбелері тапты. Қазіргі таңда «Есік» музей-қорығы Б. Нұрмұханбетовтың жетекшілігімен зерттелген осы обаны музейлендіріп, көрермендердің назарына ұсынды.

1992 жылы ҚР бірінші экс-Призиденті Н.Ә. Назарбаевпен сол кездегі Алматы облысының әкімі А. Есімов аудандағы мәдени мұраның сақталу

жағдайымен танысуға келеді. Олар реставратор В. Садомсков жасап шыққан, толық салтанатты киіммен тұрған «Алтын адам» және археологтар қазба жұмыстары кезінде тапқан сақ дәуіріне тән артефакттер орналасқан көшпелі көрмені келіп тамашалайды. Есік қаласындағы кездесу барысында Бекмұхамбет Нұрмұханбетов экс-президенттің «қандай арманның бар?» деген сұрағына «мына өсіп келе жатқан ұрпақтарға, ат басын тіреп, ата-баба рухына тәу ететін жерге айналдырсаңыз» деген ұсынысын айтады. Нәтижесінде Президенттің қолдауымен 1993 жылдың 24 ақпанында тұңғыш тарихи өлкетану музейі ашылады. Б. Нұрмұханбет сол музейдің алғашқы директоры болып тағайындалды. Көп өтпей Алтын адамның тәжіндегі қос пырақ жылы Қазақстан Республикасының ел таңбасы болып бекітіліп, Алтын адам бейнеленген пошта маркасы шығарылды, Ұлттық банк арнайы «Көшпенділер алтыны» монета сериясын айналымға шығарылды. Алтын адам еліміз үшін жәй ғана археологиялық олжа болып қана қоймай, Тәуелсіздігіміздің, Елдігіміздің де бір символы болды деп айтсақ артық айтпаған болармыз.

Б. Нұрмұханбетов Есік обаларын сақтап қалу мен музейлендіру мақсатында 1999 жылдан бастап жылжымалы маусымдық көрме қойылған далалық лагер құрып, халыққа тегін насихаттау жұмыстарын жүргізе бастайды. Бекен атаның тартымды да қызықты дәрісіне тыңдаушылар саны күн арта асып, халықтың Есік қорымын ашық аспан астындағы мұражайға ыңғайландыру, туристік музейлік, ғылыми, мәдени ортаға айналдыру арманы одан ары күшейе түсті. Осы жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында белсенді аудан азаматтарымен бірігіп ашық аспан астындағы музей «Алтын адам» ұрпақтар сабақтастығы Ассоциациясын құрды. Ассоциацияның негізгі мақсаты – тек Есік қорымдарын музейлендіріп қана қоймай, бүкіл аудан көлеміндегі туристік өндірісті кең түрде дамыту болатын. Ассоциация жұмыстарының нәтижесінде музей тарихи-мәдени мұраның қайта өрлеуі бағдарламасына, сонымен қатар «Жібек жолы бойымен» атты туризмді дамыту бағдарламасына қосылды. Сол кезде осы бірегей музей және оның негізін қалаушылар туралы, «Алтын адам» мен сақ мәдениеті туралы ондаған мақалалар жарық көріп, деректі фильмдер мен телебағдарламалар түсірілді. Мемлекеттік тапсырысқа орай жазылған ұсыныс хат негізінде «Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы Есік тарихи-мәдени қорық-мұражайын ұйымдастыру» («Экопроект» ЖШС, 2006 ж) жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі мен ««Есік қорымы» кешенінің қорғау аймағы жобасы» («Көшпенділердің мәдени мұрасы мәселелері жөніндегі ҚазҒЗИ» ЖШС) сынды жобалар жасалды [Мухтарова 2011, 25 ].

«Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында Ассоциацияның ұсыныс хаты негізінде ҚР Үкіметінің 2010 жылдың 30 қаңтарындағы Шешіміне сәйкес «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мәдени-ғылыми орталық өз жұмысын бастады. Бүгінгі таңда «Есік» музей-қорығы ескерткіштерді сақтау мен насихаттау мақсатындағы зерттеулер жүргізу, туристік және мәдени-біліми, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру, аса

бай сақ мәдениетін зерттеу мен оны көпшілікке насихаттау жұмыстарымен айналысып келеді.

Музей-қорық құрылған күнен бастап Б. Нұрмұханбетов жетекші ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа белсене кірісіп, музей директоры Г.Р. Мухтаровамен бірге аз уақытта сақ тарихы мен мәдениетіне арналған экспозиция залы, сақ тайпаларының қоныстарына, обаларына арналған ескерткіш картасын жасап шықты. Сондай-ақ 2000-нан астам негізінен археология саласына арналған сирек кездесетін ғылыми қорын музей-қорықтың кітапханасына тапсырды. Бүгінгі таңда жас білім алушылар мен зерттеушілердің мол мағлұмат алатын орталыққа айналды.

Музей-қорықтың қор сақтау, ғылыми паспорт дайындау, каталог жасау жұмыстары да Бекен атаның еңбегі зор. «Бекен Нұрмұханбетов атындағы қор» ұйымдастырылып, жеке қорынан музейге берілген электрондық деректер базасын құру бойынша архив материалдарын өңдеу жұмыстары жасалынды. Есік, Шұбарат, Молалы, Майбұлақ, Үкілі, Қапал, Мыңшұңқыр, Айдақар және т.б. қорымдарын зерттеу тарихы бойынша материалдар цифрлық форматқа көшіріліп, сканерленді, оның ішінде: 14 есеп және дала күнделіктері (230 беттен астам компьютерлік жинақ, 100-ге жуық иллюстрация), 117 қорым схемалары қорға алынды. [Тулегенов 2012, 84 б. ].

Б. Нұрмұханбетов Алтын адамға қатысты тың зерттеулерді, ғылыми ізденістерді өмірінің соңына дейін тоқтатқан емес, өзінің ширек ғасырда алған білімін, жеткен жетістігін, түйген ойын халықпен бөлісуге, ата-сақ баба мұрасы мен бүгінгі қазақ халқының мәдени үндестігін, рухани байланысын жеткізуге тырысты, үнсіз жатқан сақ патшалар обасына шырақшы бола білді, сондай-ақ Алтын адамның шыққан жері болашақта қорғалып, музей тұрғызылатынын, сапалы ізбасарлары өзі жете алмаған арманына жеткізетінін о бастан білген көреген, абыз ақсал екенін аңғаруға болады. Өкінішке орай қазақ археологиясының абызы, артына өшпес мұра қалдырған Бекмұхамбет Нұрмұханбетов 82 жасында дүниеден озды. Бекен атаның құрметіне музей-қорық экспозиция залынан археологтің тіршілігінде өзі жұмыс жасаған кабинетін – «Бекмұхамбет Нұрмұханбетовтың мемориальдық кабинетін» ашты, абыз ақсақалдың өмірі туралы арнайы экскурсия жасалынды. [Мухтарова, Зікірия 2020, 9].

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы 2017 жылы Археологиялық жұмыстарының қорытындысына арналған «Ізбасарлар» атты көрме ашылып, Б. Нұрмұханбетов шәкірттері мен әріптестерінің ұстазға деген естелік ойлары, жадында сақталып қалған әңгімелері жазылды. Ұлы тұлға өзінің ұстаздық өнегесімен, тәлімді тәрбиесімен ізбасарларының жүрегінен терең орын алған керемет естеліктері жүрек түкпірінен орын алып, жадында жатталып қалды. Б. Нұрмұханбетов біз үшін тәлімгер, ұстаз, археолог-ғалым, зерттеуші және Бекен ата. Абыз аға музей-қорықтың жас археологтарын тәрбиеледі, білгенін жалықпай үйретті, музейде археологиялық мектептің негізін қалады. Осы көрмеде аталмыш археологқа

арнайы бұрыш бөлініп Ізбасарларының Ата туралы жазған жылы лебіздері орын алды [Файзуллина 2020, 89-90].

2017 жылы «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен археолог Бекен Нұрмұханбетов атындағы «Бекен-Ата» қайырымдылық қоры «Нұрмұханбетов Экскавейшнс» тұңғыш халықтық археологиялық экспедициясы (қазба жұмыстары) ұйымдастырылды. Экспедиция мақсаты – археологиялық зерттеулерді барынша насихаттау және әрбір адамға балалық кездегі өткен заманның дүниесін сезініп көру сынды балалық арманының жүзеге асуына көмектесу. «Нұрмұханбетов ЭКСКАВЭЙШНС!» атты халықтық археологиялық экспедиция – отандық археология тарихындағы кез-келген ерікті адам қатыса алатын тұңғыш нағыз ғылыми-зерттеу экспедициясы болып саналады. [«Алтын адам» <https://kazmuseum.kz>].

2018 жылы музей-қорық ұжымы жергілікті тұрғындарды өз өлкесінің тарихы мен бүгіннің тұлғаларына деген қызығушылықтарын ояту, осы өлке тұлғаларының ерен еңбектерін дәріптеу, олардың ізгі істерін ұрпаққа насихаттау арқылы оған жастар назарын аударту мақсатында облыс тарихында қандай тұлғаларды және қандай нысандарды ақша бетіне бейнелеуге арналған «Өлке мақтанышы - Б. Нұрмұханбетов» атты көрме ұйымдастырылды. Бұл көрме жоба арқылы тұрғындардың өздері шешім қабылдауларына мүмкіндік беру, орта мектепте «Өлкетану» курсының негізгі аймақтық құрамының аспектілерін оқытуға арналған әдістемелік бағдарламалары мен мұғалімдердің өлкетану жұмыстарын жетілдіруге көмектесуге ықпалын тигізді.

2021 ж. Бекен атаны еске алу мақсатында, «Есік» қорық-музейінде «Армандар орындалады!» фотокөрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде қорық-музей қорындағы археологтың өмір жолы мен еңбектерін көрсететін «Жастық шақ», «Сәулелі жылдар», «Орындалған арман» – тақырыптарын қамтыған 3 бөлімнен тұратын фотосуреттер ел назарына ұсынылды. Музей-қорық ұжымы «ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбаларының архиві» мекемесінің «Архив қорын толықтыру және ведомствалық архивтер» бөлімімен бірлесе фотосуреттерін архивке тапсыру, электронды нұсқаларын әзірлеу жұмыстарын іске асыруда. Археологтың 100-астам фотосуреттерінің сипаттамалары жазылып, электрондық нұсқасы жасалды [Мухтарова 2016, 19-26]

Мектеп пен музейдің арасын байланыстыру, оқу үрдісін толықтырып, оқушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолданып, музей мәдениетін қалыптастыру мақсатында дайындалған «Өткен өмір – бүгінгі ұрпаққа өнеге» атты оқу әдістемелік кешенді тақырыптар бойынша жүзеге асырылып отырады. Рахат ауылдық округі №1 орта мектебінің 5 сынып оқушыларына «Өлке мақтанышы Бекмұханбет Нұрмұханбетов», «Алтын адамның ашылу тарихы» екі музейлік дәріс археологтың өмір жолы, археология саласындағы еңбегі, зерттеулеріне арналған.

Атақ даңықты елемейтін абзал жан, Қазақтың маңдайына біткен өр тұлға, тарихшы-археологтардың рухани ұстазы, адал адам – «Алтын адам» - Бекен

ата, өмірінің соғында Қазақстан Республикасы туризмнің құрметті қызметкері, Еңбекшіқазақ ауданының құрметті азаматы мадақтамасын алды. Қазақ археологиясының көшбасшысы, ел мүдесін бәрінен биік қоя білген өр тұлғалы Б. Нұрмұханбетовтың жарқын бейнесі мәңгі ел жүрегінде сақталады деген ойдамыз.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

1.Б. Нұрмұханбетовтың мемориалды бөлмесі // ҚР мәдениет және спорт министрлігі мәдениет комитеті «Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің путивадителі / бас ред. Г.Р. Мухтарова. Алматы: Dostar, 2019. 19 б.

2.Джасыбаев Е. Архивные материалы об истории открытия и изучения «Золотого человека» //Сборник «Тайны «Золотого Человека». Составители: Мухтарова Г.Р. Файзулина Г.Ш. Даутова С.С. Джасыбаев Е.А. – Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык», . – Алматы, 2016. – 254 с.

2.Ә. Амаргазиева <https://kazmuseum.kz/zhadiger-syry/item/1798-altyn-adamny-ashylu-tarikhy-men-tauelsizdi-ti-simvolyna-ajnaluy>

3.Мухтарова Г.Р. Қол жеткен арман // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылым. – Алматы, 2011. – 22-27 бб.

4.Тулегенов Т.Ж. Могильник Иссык и культура саков Жетысу // Отчет о НИР Государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык». Иссык, 2012. 84 с.

5.Мухтарова Г.Р, Зікірия Д.Қ. Есік мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейіне 10 жыл бағындырған белестері // «І-Есік оқулары: Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция материалдары (Есік қ., 20 қараша 2020 ж.). / Жауапты ред. Г.Р. Мухтарова. Алматы: 2020. 9 б.

6.Файзуллина Г.Ш. Мемориальная музеефикация в археологическом музее Бекен Нурмуханбетов – признание и память // «І-Есік оқулары: Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Есік қ., 20 қараша 2020 ж.). / Жауапты ред. Г.Р. Мухтарова. Алматы: 2020. 89-90 б.

7.Алтын адам табылған «Есік» қорық музейі археологияға қызығушыларды экспедицияға қатысуға шақырады // Kazmuseum.kz ақпараттық портал. URL: <https://kazmuseum.kz/muzei-zhane-expo-2017/item/1600-altyn-adam-tabyl-an-esik-koryk-muzeji-arkheologiya-a-kyzy-ushylardy-ekspeditsiya-a-katysu-a-shakyrady> (қаралған күні 11.03.2023 ж.)

8.Мухтарова Г.Р. Мечты сбываются... // Саки и савроматы Казахских степей: контакт культур. Алматы: Институт археологии им. А.Х.Маргулана, 2016. С.19-26.

## **ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ТЕМІРЖОЛШЫСЫ ОМАРОВ ЖҰМАҒАЛИ**

**Бигалиева Ш.А.**

Халықаралық көлік және гуманитарлық университет  
Магистр, аға оқытушы

Қазақ халқының ұзақ тарихы не бір қым-қуат оқиғаларға толы. Сол қым-қуат оқиғалардың басында болмыс-бітімі алуан түрлі тұлғалар болғаны аян.